**"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ »1998 жылғы 28 қазан N 1096

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 ақпандағы N 3859 U983859_ Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар жоспары бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары жоғарыда аталған Жоспарда белгіленген шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің»1998 жылғы
28 қазандағы
N 1096 қаулысымен

бекітілген

"Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралардың

ЖОСПАРЫ

| Рет N | Шаралардың атауы | Орындалу нысаны | Орындалу мерзімдері |
|---|---|---|---|
| 1. | Жібек жолы бойындағы объектілердің басымдығын ескере отырып, 1998 жылға арналған ғылым, мәдениет, қайта жаңғырту, туризм, сауда, шағын және орта бизнес саласындағы индикативті жоспарлар мен бағдарламаларға түзету жүргізу. 1999 жылға арналған индикативті жоспардың жобасын Жібек жолының Қазақстан аумағы бөлігіндегі объектілер тізбесімен қоса әзірлеу | Ұсыныстар | 1998 жылдың IV тоқсаны |
| 2. | "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау туралы" Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау мен түсіндіруді ұйымдастыру | Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаңымдар мен сөз сөйлеулер | -"- |
| 3. | Мемлекеттік инвестициялар және әлеуетті инвесторлармен жұмыс жүргізу бағдарламасына енгізу үшін Мемлекеттік бағдарлама объектілері | Объектілердің тізбесі | Жыл сайын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша шетел инвестицияларын тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу | | |
| 4. | Жібек жолы бойындағы тарихи орталықтарда инфрақұрылымды аймақтық дамытудың кешенді жоспарларын әзірлеу ("Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Мемлекеттік бағдарламаның I кезеңі) | Аймақтық даму жоспарларының жобалары | 1998 жылдың IV тоқсаны |
| 5. | Алматы, Шымкент, Тараз және Түркістан қалаларында "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясының аймақтық орталықтарын ұйымдастыру | Орталықтарды ұйымдастыру | 1999 жыл |
| 6. | "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясының қызметіне әлеуетті акционерлерді тарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | Жұмыс жоспары | Жыл сайын |
| 7. | Жібек жолы бойын маркетингтік зерттеуді ұйымдастыру, тарихи және мәдени мұраны жария ету, жарнамалық-баспагерлік қызмет, кино және телеөнімдерді шығару | Жұмыс жоспары | Жыл сайын |
| 8. | Тарихи орталықтарды қайта өркендету, туризм инфрақұрылымын, халықтың қолөнер кәсіпшілігін, көліктік және коммуникациялық жүйелерді дамыту жөнінде халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізу | Бұл да | -"- |
| 9. | "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы жөнінде ақпарат әзірлеу | Есеп | _"_ |
| 10. | Халықтық қолөнер кәсіпшілігін дамыту, нанымдық дәстүрлерді, салт- | Іске асырудың бірлескен | 1998-1999 жылдар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жоралғыларды және мерекелерді қайта жаңғырту, мәдени-этнографиялық ұжымдарды, ұлттық тағамдарды, халықтық театрларды, халықтық медицинаны, кәдесый өнімдері мен сауданы дамыту жөніндегі мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар жүйесін, фермерлік және шаруа қожалықтарын, сондай-ақ көшпелі тұрмыстың нышандары мен жасауларын жасап шығару жөніндегі базаларды ұйымдастыру | жоспары, құрылтай құжаттарын әзірлеу | |
| 11. | Жібек жолы бойында орналасқан елдермен тарихи орталықтарды қайта өркендетудің, инфрақұрылым жасаудың, халықтық қолөнер кәсіпшілігін дамытудың бірлескен жобаларын әзірлеу жөнінде келісімдер жасасу | Ниет хаттамалары, келісімдер | 1998-1999 жылдар |
| 12. | "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы", "Мәдениет туралы", "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы", "Сәулет және қала құрылысы туралы", "Туризм туралы", "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру бөлігінде іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Үкімет қаулыларының жобалары | 1999 жыл |
| 13. | Туристердің келу мен кету,сондай-ақ Жібек жолы бойымен жүру рәсімдерін оңайлату жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу | Ұсыныстар | 1999 жылдың I тоқсаны |
| 14. | Жібек жолы бойындағы тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, жер бедерлері, инфрақұрылым және коммуникация | Деректер банкі | 1999 жылдың II тоқсаны |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | лар объектілерін қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу, деректер банкін құру және Интернет жүйесіне кіруді қамтамасыз ету | | |
| 15. | Жібек жолының тарихи орталықтарын жаңғыртудың жобаларын әзірлеу және оларды аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың бас жоспарларына енгізу. Туризм инфрақұрылымын жасау | Жобалар | Аймақтарды әлеуметтік экономикалық дамыту жоспарларына сәйкес |
| 16. | Аялдау объектілері, мәдени-сауықтыру шараларын өткізу және сервистік қызмет көрсету тізбесімен қоса туристік және ғибадаттық ету маршруттарының схемаларын әзірлеу | Маршруттардың схемасы | 1999 жылдың II тоқсаны |
| 17. | Жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарында туризм саласында мамандар, оның ішінде қонақ үйлер, мейрамханалар және т.б. қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау бойынша мамандықтар ашу жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Ұсыныстар | 1998-1999 жылдар |

| Жауапты орындаушылар |
|---|

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік (келісім бойынша), Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Маңғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері

Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Маңғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Алматы, Шымкент, Тараз және Түркістан қалаларының әкімдері

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департа-менті

Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы АҮАҚ (келісім бойынша)

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Сыртқы істер министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақмола, Маңғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері, әкімдер жанындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі аймақтық бөлімшелер

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрлігі-Ғылым академиясы, Сыртқы істер министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Ғылым министрілігі-Ғылым академиясы, Қаржы министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық

компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

Сыртқы істер министрлігі, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Мемлекеттік орталық мұражай, облыстық мұражайлар, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері, "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша)

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" АҮАҚ (келісім бойынша), Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК